

Жаныңда жүр жақсы адам

“Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын”, - деп бабаларымыз тегін айтпаған шығар. Осы сөзге



лайық деп аудандық балалар кітапханасының әдістемелік-библиографиялық секторының басшысы Лидия Арсентьевна Кумпанды айтуға болатын шығар.

Лидия Арсентьевна Кумпан 1981 жылы ауданның кітапхана саласына жас маман ретінде келді. Мамандық жолын қарапайым қызметкерліктен бастаған ол ОКЖ-ның директорылығына дейін көтерілді. Аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі болды. Жұмыста жеткен жетістіктері Лидия Арсентьевнаға жұмысқа берілу мен оның еңбексүйгіштігінің арқасында келді. Оның бойына мамандыққа қажетті сапалар мен дағдылар тез қалыптасты. ОКЖ директорына күнделікті туындайтын көптеген сұрақтарды, сонымен қатар тұрмыстық мәселелерді шешуге тура келді, кітапхана жағдайына жауап берді.

Ол кісі басшылық жасай бастағанда, 2005 жылы Нұра ОКЖ кітапханаларын жаңа технологиялармен жабдықтау үдерісі жаңа басталып жатқан болатын. Сол жұмыс жалғастырылып, аса бір жоғары қарқынмен дами бастады десе де болады. Осы бағытта шетел кітапханаларының озық тәжірибелері зерттеліп, қалыспауға талап жасалынды. Электронды каталогты қалыптастыру жұмысы мен өлкетанулық құжаттарды цифрлау жұмыстары қолға алынды.

Лидия Арсентьевнаның білгірлі басшылығының нәтижесінде Нұра ОКЖ кітапханалары талай жеңіске жетті, талай биік асуларды бағындырды.

2005 жылы Ивановка (қазіргі К. Мыңбаев атындағы) үлгілі ауылдық кітапханасы республикалық «Үздік ауылдық кітапхана» байқауында Гран-приді жеңіп алды. Бұл кітапхананы республикалық байқауға дайындау алдында бастаған болатын, Л.А. Кумпан директор болғанда өз мәресіне жетті.

«Үздік ауылдық кітапхана» облыстық байқауының қорытындысы бойынша бұрынғы Шербаков, қазіргі Қайнар ауылының кітапханасы 1 орынды «Әлеуметтік серіктестік» номинациясында жеңіп алып, мәдениет басқармасының дипломымен марапатталып, ноутбукпен ынталандырылды.

Абай Құнанбаевтың 170 жылдығына арналған «Да будет слово мудреца» кітапхана блогтарының облыстық байқауының

нәтижесі бойынша Нұра АОК дипломмен және бағалы сыйлық – ноутбукпен марапатталды.

Блогты әлеуметтік желілерде белсенді жылжытқаны үшін Е.А.Куруңцева Қарағанды облысының мәдениет, архивтер мен құжаттама басқармасының Алғыс хатымен және естелік сыйлықпен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Кітапхана сайты – ақпараттық және білім беретін өлемге ашылған терезе» атты үздік кітапхана сайты облыстық сырттай байқауының нәтижесі бойынша «Аудандық ОКЖ арасындағы ең үздік кітапханалық сайт» номинациясы бойынша Нұра ОКЖ www.nuralib.kz сайты жеңімпаз атанды. Нұра ОКЖ Қарағанды облысының мәдениет, архивтер мен құжаттама басқармасының дипломымен және құнды сыйлықпен марапатталды.

Бұл жетістіктер тек қана маңдайлады деп атауға келетіндері ғана, бұдан да басқа өртүрлі облыстық байқауларда Нұра ОКЖ кітапханашылары 65, 35 кітапхана арасында сынға түсіп, 1, 2 орындарды иеленіп жатты. Мұның бәрі - Лидия Арсентьевнаның үйі м да с т ы р у ш ы л ы қ, шығармашылық қабілетінің жемісі. Сонымен қатар ол көп жылдар бойы жас мамандардың тәлімгері, жетекшісіне айналды.

Кітапхана саласына сіңірген еңбегі жоғары орындармен еленіп, бірнеше мәрте аталып өтті. Оның ішінде ең жоғарғы марапат – «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалі.

2008 жылы жыл сайынғы мәдениет және өнер саласындағы жетістіктер үшін тағайындаған облыс әкімі сыйлығының «Үздік ауылдық кітапхана» номинациясының жеңімпазы. 2018 жылы аудандық кітапханалар арасында өткізілген «Аудандық кітапхана – аудандық кітапхана жүйесінің флагманы» атты үздік жобалар облыстық байқауында Лидия Арсентьевна құрастырған «Имидж библиотеки как фактор привлечения читателей в Нурунский ЦБС» жобасы жеңіске жетті. Ал аудан және облыс әкімінен алған Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары - өз алдына бір өңгіме.

Өз жұмысынан басқа, қоғамдық жұмыстарды да қоса атқарды, бірнеше жыл кәсіподақ ауқымында мәдениет қызметкерлерінің төрайымы болды, өртүрлі көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысты. Бірнеше жыл бойы аудандық «Қоғамдық келісім кеңесі» мен «Аналар кеңесі» төрайымының қызметін атқарады.

Өз жұмысына шексіз адал Лидия Арсентьевна бұл күнде де аудандық балалар кітапханасының әдістемелік библиографиялық жұмысын ойдағыдай басқарып, жаңаша дамытуда, тың ойлары, ұсыныстарымен жетілдіруде. Сондықтан да бұл кітапхананың жолы болды деуге болады. Алдымызда келе жатқан Мәдениет қызметкерлері күніне орай Лидия Арсентьевнаға шығармашылық табыс тілей отырып, бұдан да өрі биіктерді бағындыра беруіне тілектеспін. Бұдан өрі де жас мамандарға сүйеніш пен ақыдың таусымас қайнары болсын! – дегім келеді.

Е. Жүнісов
Мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің басшысы